

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 10.09.09

<https://orcid.org/0000-0003-4238-288X>
e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

ТҮРКІЛЕРДІҢ КӨНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН ӘДЕП НЕГІЗДЕРІ

Мұхан Исахан

Философия ғылымдарының PhD
докторы, қауымдастырылған
профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті
Қазақстан, Алматы қ.

Ақмарал Сатыбалдиева

Докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті
Қазақстан, Алматы қ.

النظام القانوني القديم والأسس الأخلاقية لدى الأتراك

ساتيبالديفا أقمرال

طالبة دكتوراة في الدراسات الدينية
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

موخان إساهان

دكتوراة في الفلسفة، أستاذ مشارك
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

THE ANCIENT LEGAL SYSTEM AND ETHICAL FOUNDATIONS OF THE TURKS

Mukhan Isakhan

PhD in Philosophy, Associate Professor,
Nur-Mubarak Egyptian University
of Islamic Culture
Almaty, Kazakhstan

Akmaryl Satybaldieva

PhD Studies, Nur-Mubarak Egyptian Uni-
versity of Islamic Culture
Almaty, Kazakhstan

ДРЕВНЯЯ ПРАВОВАЯ СИСТЕМА И ЭТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ТЮРКОВ

Мухан Исахан

Доктор PhD по философии, доцент,
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак
Алматы, Казахстан

Ақмарал Сатыбалдыева

Докторант PhD по религиоведению,
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак
Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада түркілердің көне құқықтық жүйесі мен этикалық нормалары зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Тарихтан мәлім – көне түркілер Еуразия құрлығында Ғұн қағанаты және Көк Түрік қағанаты, Қыпшақ бірлестіктері секілді алып империяларды құрған. Олар көшпелі ғұмырға тән қоғамдық қатынастарды реттеген өзіндік құқықтық жүйесі мен әдеп нормаларын қалыптастырды. Одан берінде ХІІІ ғасырда Шыңғысхан құрған Моңғол империясының құқықтық жүйесі мен моральдық құндылықтары көне түркілер негізін салған құқықтық жол-жораның заңды жалғасы еді. Тіпті, ХV ғасырда Жошы ұлысының қара шаңырағында құрылған Қазақ хандығының да құқықтық жүйесінің тұма-бастауында осы көне түркілердің құқықтық жүйесі мен этикалық нормалары тұрған болатын. Ғасырлар бойы өзінің мәнін жоғалтпаған осы көне түркі заңдары мен әдеп нормалары несімен ерекшеленеді? Осы зерттеуімізде бұл тақырыпты жан-жақты ашып көрсету үшін көне түркілердің «Төре» заңы, «Бітік» заңы, «Ясама» заңы, «Ұлы Яса» заңы секілді құқықтық актілеріне талдау жасалынады. Атап айтар болсақ, Ғұн қағанаты дәуірінде дүниеге келді деп есептелінетін «Төре» заңы туралы зерттеушілер келтірген мәліметтерді ғылыми сараптаудан өтеді. Сонымен қатар, Көк Түрік қағанаты дәуірінде ортаға шыққан «Бітік» заңы туралы да там-тұм деректер талқыланады. Түркілердің Ислам дінін қабылдаған Қарақан дәуірінде дүниеге келген «Ясама» құқығының да ерекшеліктері сөз болады. Тәңір сенімі мен Ислам мәдениетінің тоғысуымен ортаға шыққан аталған заңнаманың кейбір нормалары жеке-жеке талқыланады. Түркілердің тарихта із қалдырған ұлы заңнамаларының бірі Шыңғысханның «Ұлы Ясасы» екені белгілі. Осы заңнаманың тарихшы Березин келтірген нұсқасын мақаламызда бере отырып, оның негізгі ерекшеліктерін жан-жақты талдап көрсетеміз. Сондай-ақ, түркі даласына саяхат жасаған араб және парсы жиһангездерінің көшпелілер туралы пайымдауларын, әсіресе олардың мінез-құлқына қатысты берген бағаларын да зерттеуімізге арқау еттік. Осы арқылы көне түркілердің әдеп негіздері, этикалық нормаларын ашып көрсеттік. Ерекше тоқталатын жайт, көне түркілердің этикалық құндылықтарын жаза нормалары арқылы анықтауға болады. Себебі, көне түркілер қылмыс пен аморальдік жайттерді бір-бірінен ажыратып жатпаған. Әдепсіз істерді де қылмыс санаған. Зерттеу қорығысында бүгінгі Қазақ халқының әдет-ғұрып нормаларының негіздері көне түркілердің «Төре», «Бітік», «Ясама», «Ұлы Яса» заңдарынан бастау алатындығына көз жеткізіледі. Сайып келгенде, түркілік құқықтық мәдениет пен мұсылмандық құндылықтардың синкретті көрінісі ретінде қазақ халқының болмыс-бітімі негізге алынады. Яғни, Қазақ хандығы дәуірінде дүниеге келген «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді заңнамалар көшпелі ғұмыр кешкен ұлтымыздың тарихи тәжірибесінің негізінде бүр жарып шыққан хартиялар болатын. Әлбетте, Қазақ халқының бірнеше ғасыр бойы басынан кешірген аталған тарихи процессте көне түркілік және мұсылмандық құндылықтардың интеграциясы орын алған деп тұжырымдаймыз. Бұл ұлттық бітім-болмысымыздың түп-негізін (генизисін) анықтауда аса маңызды индикатор, сондай-ақ, тарихи процесстердің нәтижесі нені тудырғанын білдіретін дербес ғылыми байлам.

Кілт сөздер: Жарғы, әдеп, Тәңір, Оғыз қаған, Төре, Бітік, Ясама, Ұлы Яса.

الملخص: تتناول هذه المقالة النظام القانوني القديم والمعايير الأخلاقية لدى الأتراك كموضوع للدراسة. من المعروف تاريخياً أنّ الأتراك القدماء أسسوا إمبراطوريات ضخمة في قارة أوراسيا مثل إمبراطورية الغون وإمبراطورية كوك ترك والاتحادات القباقية. وقد طوّروا نظاماً قانونياً فريداً ومعايير أخلاقية لتنظيم العلاقات الاجتماعية التي تميّزت بنمط الحياة البدوي. لاحقاً، في القرن الثالث عشر، كانت المنظومة القانونية والقيم الأخلاقية لإمبراطورية المغول التي أسسها جنكيز خان استمراراً طبيعياً للتقاليد القانونية التي أسسها الأتراك القدماء. بل إنّ النظام القانوني لخانبة قازاق، التي تأسست في القرن الخامس عشر في مهد سلالة جوتشي، كان مستمداً من هذه الأنظمة القانونية والمعايير الأخلاقية للأتراك القدماء. ما أدي جعل هذه القوانين والمعايير الأخلاقية القديمة فريدة

من نوعها لدرجة أنها احتفظت بأهميتها على مرّ العصور؟ في هذا البحث، نحليل بعض التشريعات القانونية مثل قانون «توره»، قانون «بيتيك»، قانون «ياساما»، وقانون «ياسا الكبرى» لدى الأتراك القدماء من أجل توضيح هذا الموضوع بشكل شامل. سنقوم بمراجعة علمية للمعلومات التي قدمها الباحثون حول قانون «توره»، الذي يعتقد أنه نشأ في عهد إمبراطورية الغون. بالإضافة إلى ذلك، سنناقش البيانات المتوفرة حول قانون «بيتيك» الذي ظهر في عهد إمبراطورية كوك ترك. كما سينتّم تناول خصائص قانون «ياساما» الذي ظهر في عهد السلالة القرآخانية بعد أن اعتنق الأتراك الإسلام. كما سينتّم تحليل بعض أحكام هذا القانون التي نشأت من تلاقي الإيمان بـ«تانغري» والثقافة الإسلامية بشكل فرديّ. يُعدّ قانون «ياسا الكبرى» الذي وضعه جنكيز خان واحدًا من التشريعات القانونية البارزة التي تركها الأتراك في التاريخ. سنقدّم في مقالتنا نسخة هذا القانون التي أوردها المؤرّخ «بيريزين» مع تحليل شامل لخصائصه الرئيسية. بالإضافة إلى ذلك، اعتمدنا في بحثنا على آراء الرّحالة العرب والفرس الذين زاروا سهوب الأتراك، وخاصةً تقييماتهم لسلوك البدو، وذلك من أجل توضيح الأسس والمعايير الأخلاقية لدى الأتراك القدماء. من الجدير بالذّكر أنّ القيم الأخلاقية لدى الأتراك القدماء يمكن فهمها من خلال معايير العقوبات، حيث إنّ الأتراك القدماء لم يفسلوا بين الجريمة والأفعال اللا أخلاقية، بل اعتبروا الأفعال غير الأخلاقية جرائم. في نهاية البحث، يتّضح أنّ أسس المعايير العرفية للشعب القازاقي الحديث تعود إلى قوانين الأتراك القدماء مثل «توره»، «بيتيك»، «ياساما»، و«ياسا الكبرى». وفي النهاية، يتّمّ النّظر إلى هوية الشعب القازاقي لتبيّن التّداخل بين الثقافة القانونية التركية والقيم الإسلامية. أي أنّ التشريعات التي ظهرت في عصر خانية قازاق مثل «طريق قاسم خان المضي»، «طريق إيسيم خان القديم»، و«الشّرآع السّبعة» لعهد تاوكة، نشأت من التّجربة التّاريخية لأمّتنا البدوية. نخلص من ذلك إلى أنّ اندماج القيم التركية القديمة والإسلامية قد حدث عبر هذه العملية التّاريخية التي مرّ بها الشعب القازاقي على مدى عدّة قرون. يُعدّ هذا مؤشراً مهمّاً في تحديد جذر هويتنا الوطنيّة، كما يُعدّ استنتاجاً علمياً مستقلاً يعكس نتائج العمليات التّاريخية.

الكلمات المفتاحية: الشريعة، الأخلاق، تانغري، أوجوز خان، توره، بيتيك، ياساما، ياسا الكبرى.

Abstract. This article examines the ancient legal system and ethical norms of the Turkic peoples as the object of study. Historically, it is known that the ancient Turks established vast empires on the Eurasian continent, such as the Hun Empire, the Gokturk Khaganate, and the Kipchak confederations. They developed a unique legal system and ethical norms that regulated public relations characteristic of a nomadic lifestyle. Later, in the 13th century, the legal system and moral values of the Mongol Empire, founded by Genghis Khan, were a legitimate continuation of the legal traditions laid down by the ancient Turks. Even the legal system of the Kazakh Khanate, established in the 15th century in the heart of the Jochi dynasty, was rooted in these ancient Turkic legal systems and ethical norms. What made these ancient Turkic laws and moral norms, which retained their significance for centuries, so distinctive? In this study, we will analyze legal acts such as the “Tore” law, the “Bitik” law, the “Yasama” law, and the “Great Yasa” law of the ancient Turks to explore this topic in detail. Specifically, we will conduct a scholarly review of the “Tore” law, believed to have originated during the era of the Hun Empire, based on the information provided by researchers. Furthermore, we will discuss the scarce data regarding the “Bitik” law that emerged during the period of the Gokturk Khaganate. The study will also address the characteristics of the “Yasama” law, which was created during the era of the Karakhanids, after the Turks embraced Islam. Some of the norms of this legal system, which arose at the intersection of the belief in Tengri and Islamic culture, will be discussed individually. One of the greatest legal systems left by the Turks in history is known to be the “Great Yasa” of Genghis Khan. By presenting the version of this law provided by historian Berezin in our article, we will thoroughly analyze its main features. Additionally, we incorporated into our research the accounts of Arab and Persian travelers who visited the Turkic steppes, especially their evaluations of the character of the nomads. Through this, we have revealed the ethical foundations and

moral norms of the ancient Turks. Notably, the ethical values of the ancient Turks can be identified through their punishment norms, as they did not differentiate between crimes and immoral acts, considering unethical deeds as crimes as well. In conclusion, it is demonstrated that the customary norms of the modern Kazakh people originate from the ancient Turkic laws of “Tore”, “Bitik”, “Yasama”, and “Great Yasa”. Ultimately, the Kazakh people’s identity is considered as a syncretic expression of Turkic legal culture and Islamic values. That is, legal codes such as the “Bright Road of Kasym Khan”, the “Old Path of Esim Khan”, and Tauke Khan’s “Seven Charters”, which were established during the era of the Kazakh Khanate, blossomed from the historical experience of our nomadic nation. Indeed, we conclude that the integration of ancient Turkic and Islamic values occurred during this centuries-long historical process experienced by the Kazakh people. This is a crucial indicator in determining the genesis of our national identity, as well as an independent scientific conclusion reflecting the outcome of historical processes.

Keywords: Charter, morality, Tengri, Oghuz Khan, Tore, Bitik, Yasama, Great Yasa.

Аннотация. В этой статье древнетюркское правовое устройство и этические нормы рассматриваются в качестве предмета исследования. Из истории известно, что древние тюрки на континенте Евразия создали великие империи, такие как Гуннское каганат, Коктюркское каганат и Кыпчакские объединения. Они разработали собственную правовую систему и нормы поведения, регулирующие общественные отношения, характерные для кочевой жизни. Впоследствии, в XIII веке, созданная Чингисханом Монгольская империя продолжила правовую традицию древних тюрков с собственной системой права и моральных ценностей. Даже в XV веке в Казахском ханстве, основанном в династий Жошского улуса, исходные принципы его правовой системы происходили от древнетюркского правового устройства и этических норм. Эти древние тюркские законы и нормы поведения, не потерявшие своего значения на протяжении веков, чем они особенны? В нашем исследовании мы подробно рассмотрим такие правовые акты древних тюрков, как «Торе» закон, «Битик» закон, «Ясама» закон, «Улы Яса» закон. В частности, будут рассмотрены данные исследователей о «Торе» законе, который, по мнению ученых, возник во времена Гуннского каганата. Также будут обсуждаться сведения о «Битик» законе, появившемся во времена Коктюркского каганата. Особенности права «Ясама», возникшего в период Каракханидской эпохи, когда тюрки приняли ислам, также будут рассмотрены, в частности, некоторые нормы законодательства, возникшие на стыке тюркского и исламской культуры. Одним из великих исторических законодательств тюрков известно «Улы Яса» Чингисхана. В нашей статье мы подробно рассмотрим этот закон по версии историка Березина и выделим его основные особенности. Кроме того, в нашем исследовании мы также опираемся на оценки кочевников, данных арабскими и персидскими путешественниками, особенно в отношении их характера и поведения. Таким образом, мы показываем основы древнетюркской этики, этические нормы. Особое внимание следует уделить тому, что этические ценности древних тюрков можно определить через нормы наказаний. Потому что древние тюрки не разделяли преступления и аморальные поступки. В результате исследования мы приходим к выводу, что основы норм и обычаев современного казахского народа происходят из таких законов древних тюрков, как «Торе», «Битик», «Ясама», «Улы Яса». В конечном итоге, правовая культура тюрков и мусульманские ценности синкретически отражены в сущности казахского народа. Например, законодательства Казахского ханства, такие как «Светлый путь Касым хана», «Исконный путь Есим хана», и «Семь уставов» Аз-Тауке, являются

хартиями, возникшими на основе исторического опыта кочевого народа. Конечно, в процессе этой истории интеграция древнетюркских и мусульманских ценностей имела место. Это важный индикатор для определения генезиса нашей национальной сущности и результат исторических процессов.

Ключевые слова: устав, этикет, Тенгри, Огуз каган, Торе, Битик, Ясама, Улы Яса.

Кіріспе

Ашығын айту керекпіз, көне түркілердің құқықтық және этикалық қайнар-көздері туралы мәліметтер жоқтың қасы. Орхон-Енисей тас жазулары, «Оғызнама», «Қорқыт ата», «Алтын яруг», «Ырық-бітік», «Икки йылтыз ном», т.б. дереккөздер негізгі қайнар-көздер ретінде қарастырылғанмен, аталған дереккөздер тікелей құқықтық және этикалық мәселелерді қарастырмаған. Көбінесе түркілердің белгілі бір кезеңдерде бастан өткерген тарихи жағдайлары хикаят жанрында баяндалған. Оның ішінде дін, мәдениет, шаруашылық, шежіре т.б. тақырыптар қамтылған. Осындай тарихи хикаяттарда арақидік құқықтық және әдеп нормалары да кезігеді. Аталған дереккөздерден құқық пен этиканы майдан қыл суырғандай теріп алу зерттеушіге артылар ауыр жүк десек қателеспейміз. Осы тұрғыдан алғанда көне түркілердің құқықтық ұстанымы мен этикалық дүниетанымын ашып көрсету әжептәуір қиындық тудыратын зерттеу деуге болады. Сонымен қатар, түркілер ислам дінін қабылдаған кезеңде дүниеге келген Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» және Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасында да құқықтық және этикалық нормалардың ұшқындары кездеседі. Яғни, аталған бұл екі тарихи шығарманы да түркілердің құқықтық және этикалық нормаларының қайнар-көздеріне жатқызуға болады деп есептейміз.

«Төре» және «Бітік» заңдарының кейбір элементтері ғана сақталса, «Ясама» құқығы және «Ұлы Яса» заңдары

туралы ғылыми айналымда толымды мәліметтер ұшырасады. Бұл жөнінде және әдет-ғұрып заңдарының генезисі туралы Т.Мақризиді, Ибн Тағрибердиді, Ибн Кәсирді, И.Березинді, В.В.Бартольдті, З.Гөкалпиді, Д-р Эренжен Хара-Даван Р.Ю.Почекаевті, И.Кафесоглуды, С.Қожа, Ю.Апайды, С.Зиманов, Н.Өсеров, С.Өзбекұлы т.б. зерттеушілер еңбектеніп, ғылыми тұжырымдар жасады. Зерттеуде аталған ғалымдардың кейбір ғылыми ой-пікірлерін негізге ала отырып, өзіндік дербес талдаулар жасауға тырыстық.

Алтын орда империясы ыдырап, Қазақ хандығы өз алдына дербес шаңырақ көтерген тұста, көшпелі қоғамдық қатынастарды замана алғышарттарына сай реттеу үшін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді заңдар жинағы дүниеге келді. Бұл заңнамалардың уақыттық ара салмағын ажыратар болсақ, шамамен әрбір жүз жылда жаңа құқықтық реформалар жасалғанын байқаймыз. Себебі, әрбір дәуірдің өзіндік талаптарын қанағаттандыру үшін жаңа заңдар шығарудың қажеттілігі туындап отырды. Дегенмен, Қазақ хандығы дәуірінде қабылданған заңнамалардың түп-негізі (генезисі) көне түркі заңдарына барып тіреледі.

Тақырыптың негіздемесі.

Шынтуайтында, түркілер Еуразия кеңістігінде ашық қатынасқа түскендіктен, сыртқы интеграцияның әсерін көбірек сезінген. Осы себептен, түркілердің құқықтық жүйесі мен әдеп не-

гіздері ұдайы түрленіп отырған. Яғни, түркілердің құқықтық ұстанымы мен әдеп негіздерінің жазбаша түпнұсқасы сақталмаған. Әлемдік өркениеттен қалыс қалған базбір Сібірді мекендеген түркі және тұңғыс текті этностардың дүниетанымында кейбір сарқыншақтары сақталғанын жасыра алмаймыз. Бірақ, аталған этнос өкілдерінде де көне түпнұсқа бар деп кесіп айту қиын. Олар ламаизм, манихеизм, көпқұдайшылықтың (язычество) ықпалына ұшыраған. Ал, Анатолия, Кавказ, Орталы Азия, Дешті-Қыпшақтағы түркілер мұсылмандықтың ықпалында қалып, әу бастағы түркілік құқықтық ұстаным мен әдеп негіздері трансформацияға ұшырап, мұсылмандық құндылықтармен синкреттелген.

Тарихи негізге сүйенер болсақ, Сібірден тыс аумақтарда мекендейтін түркі халықтарының басым бөлігі сонау орта ғасырларда ислам дініне таңдау жасады. Мәуереннаһр мен Түркістанды мекендеген түркілер VIII ғасырдың орта шенінен бері Хақ дін – исламмен таныса бастады. Олар тарихтың әртүрлі кезеңінде ислам дінін қабылдады. Түркілердің құқықтық және моральдық дүниетанымы тарихи процесстердің негізінде мұсылмандық құндылықтармен жымдасып үлгерді. Жалпы, екі мәдениеттегі ортақ ұқсастықтар және өзге де әлеуметтік шарттар түркілердің Хақ дінді жатсынбай қабылдауына игі ықпал етті. Яғни, ислам дінін қабылдағаннан кейін түркілердің ескі құқықтық ұстанымы мен әдеп негіздері мұсылмандық реңк ала бастады. Көптеген зерттеушілердің де тәңіршілік туралы сараптамалық ой-тұжырымдары осыған саяды.

Мақсаты мен міндеті. Тақырыпқа қатысты тарихи деректерді негізге ала отырып, сондай-ақ түркілердің құқықтық

жүйесі мен әдеп негіздерін ескере келіп, ғылыми мақалада көздегенімізге қол жеткізу үшін мынадай мақсат-міндеттерді негізге алдық:

– Түркілердің құқықтық жүйесі мен әдеп негіздеріне шолу жасап, ол жөніндегі ғылыми пайымдауларды талдау;

– Түркілердің құқықтық жүйесі мен әдеп негіздерінен хабар беретін Орхон-Енисей тас жазулары, «Оғызнама», «Қорқыт ата», «Алтын яруг», «Ырық-бітік», «Икки йылтыз ном», т.б. дереккөзді саралау;

– Түркілердің ерте дәуірде дүниеге келген «Ойрат хан», «Маадай Қара», «Манас», «Урал батыр», т.б. түркі жыр-дастандарындағы Тәңір сенімі туралы деректерді бағамдау;

– Ортағасырлық шығарма «Шар-ар-ислам», Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік», М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбектеріндегі құқықтық үкімдер мен мұсылмандық діни ұғымдардың синтезін зерделеу;

– Түркілердің құқықтық үкімдері және әдеп нормаларын мұсылмандық құндылықтармен салыстыра зерттеу;

– Түркілердегі өлім жазасының қандай жағдайда тағайындалатындығы, ұрлық, тонау, қарақшылық, зина т.б. қылмыстар үшін берілетін жаза түрлерін саралау;

– «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді заңнамалардың генезисін анықтау;

– Түркілердің құқықтық жүйесі мен әдеп нормалары туралы жаңа байлам жасау.

Ғылыми зерттеудің әдіснамасы Түркілердің құқықтық жүйесі мен әдеп негіздерін зерттеу барысында қисынды

әдістер мен танымдық әдістер, объективті, жүйелі принциптерге негізделген анализ, синтез, мазмұндық талдау, жүйелеу әдісі, сонымен қатар жалпы ғылыми зерттеу әдістері, оның ішінде дінтанулық, саяси ілім мен құқық тарихын зерттеу әдістері, тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, каузальды талдау әдісі, ивент талдау әдісі, тәжірибелік талдау, кросс-мәдени талдау әдісі, диалектикалық-прагматикалық ғылыми ойлау әдістеріне жүгініп, объективті шындыққа қол жеткізу, мемлекет пен қоғам және адам құқықтарын құрметтеу көзқарасы негізге алынды.

Негізгі бөлім

Тарихта Тәңір сенімін ұстанған бірнеше қағанаттар өмір сүрді. Олар Ғұн қағанаты, Түрік қағанаты және Шыңғысхан құрған түркі-моңғол қағанаты еді. Аталған түркі қағанаттарының тарихи дәуір тудырған алғышарттардың негізінде өзіндік құқықтық жүйесі қалыптасты. Тәңір сенімінде қасиетті саналған кейбір заңдылықтар Ғұн, Түрік, Түркі-моңғол қағанаттарының құқықтық жүйесінде көрініс тапты. Оның белгілерін Оғыз қаған жарлықтары, Төре құқығы, Ясама және Ұлы Яса заңдарынан көруге болады.

Түркілердің ең ескі құқықтық ережесі саналатын Оғыз қаған жарлықтарының (Төре) жазбаша нұсқасы сақталмаған. Бүгінгі күнге жеткен «Оғызнама» дастанында Оғыз қағанның алып қағанат құрғандығы айтылады. Бұл қағанаттың қоғамдық қатынастарды реттеу үшін ережелер бекіткені анық. Бірақ, ол жөнінде нақты жазбаша дерек жоқ. Түрік зерттеушісі Ю.Қаража өз зерттеуінде Оғыз қағанның 33 жарлығын тізбектеп көрсетеді. Бұл жарлықта діни сенім, мемлекет құру, елдікті сақтау, анархияға жол бермеу, қағанның құзіреті, мемлекет басшысына бағыну, үлкендерге құрмет көрсету,

ұрлық-қарлыққа жаза, кісі өмірін қорғау, ел қорғау, бас сауға сұрағанға пана болу, бүлікшінің жазасы, теңдік принципі, кеңесу, отбасы институты, мінез-құлық т.б. құқықтық нормалар қамтылған (1).

Негізінде көне түрік құқығы – «Төре» деп аталды. Бұл жөнінде З.Гөкалп арнайы зерттеу еңбегін жазды (Gökalp, 2014). Төре заңы мынадай үш қайнар-көзден нәрленген: Біріншіден, төре – саяси басшы қағандардың жарлықтарынан тұратын. Екіншіден, төрені – құрылтайларда қабылданған шешімдер құрады. Үшіншіден, төре – қоғам ішінде табиғи түрде ізгі деп есептелініп, әдет-ғұрыпқа (жосын) айналған ережелерден тұрды. Алайда, қағандардың жарлықтары әділетсіз болса, ол төреге айнала алмайтын. Құрылтай шешімдері де әр дәуірдің шарттарына сай өзгеріске ұшырайтын. Сол секілді «жосын» ғұрыптары да замана талаптарына сай жетіліп отырды (Pamir, 2009: 360-361).

Р.Ю. Почекаевтың пікірінше төре туралы зерттеушілердің ортақ тұжырымы жоқ. Жалпы, төреге «тәртіп, заң, әдет, дәстүр» ретінде баға береді. Оның ойынша төре заңының қалыптасуы туралы екі болжамға тоқтауға болады. Біріншіден, төре билік иелері (қағандар мен бектер) қабылдаған саяси-құқықтық шешімдер болуы мүмкін. Екіншіден, төре – көпшілік оң деп бағалап (йосун), әдет-ғұрыпқа айналдырған консенсустар болуы ықтимал (Почекаев, 2005: 151).

Түркілердің ежелгі заңнамаларында билікті қалыптастыру мен сақтау жөнінде, сондай-ақ, билік тарапынан қылмыстарға қатысты қатаң жазалардың бекітілгеніне қарап, «Төре» заңын көпшілік әдетке айналдырған консенустық мәндегі ережелерден қалыптасты деп айта алмаймыз. Қаған тек саяси басшы емес, ол Тәңірдің жер бетіндегі өкілі.

Төре заңында саяси-құқықтық нормалардың басым екенін ескерсек, оның қағандар қабылдаған шешімдерден тұратынын аңғару қиын емес. Десе де, көпшілік әдетке айналдырған ережелер екінші инстанциялық институт ретінде төренің бір бөлігін құраған болуы мүмкін.

Төре заңы – қай дәуірде қолданыста болды? – деген мәселеге келетін болсақ, ол Ғұн және Түрік қағанаты дәуірінде тәжірибелік мәнге ие болған деп ойлаймыз. Ғұн және Түрік қағанаттары негізінен милитаристік сипаттағы мемлекеттер еді. Халқының басым бөлігі әскери олжа түсірумен күнелтетін. Әскериленген қоғам құрғандықтан, қылмыстық жазалары да өте қатал болды. Мысалы, Ғұн қоғамында мынадай құқықтық нормалар қолданылды: «Ұрлық жасап кінәлі болғанның жері алынады; шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйға беріледі; қолға түскен олжа соған беріледі; ал тұтқынға алынғандар (соның) құлдары мен күндері етіледі; ұрыс алаңынан қаза тапқан адамның сүйегін кім әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады» (Ақышев, 1998: 245-246).

Сонымен қатар, ежелгі қытай жылнамаларында ғұндардың мынадай ережелерге мойынсұнғандығы көрсетіледі: «Күзге салым жылқы қонданған кезде шоктеректе бас қосады да мал мен жанның санағы алынып, соған қарай алынатын салық мөлшері есептеледі. Олардың әдет-заңында: біреуге семсер (не қылыш) жұмсап зақымдаған жері екі қарыстай болса, оған өлім жазасы бұйырылады; ұрлық қылғандардың мал-жаны мүсәдірланады; жеңіл қылмысқа толарсағын шағу; ауыр қылмыстар үшін өлім жазасы қолданылады. Абақтыға қамау мерзімі 10 күннен аспайды. Бүкіл елде бірді-екілі адам ғана абақтыға түседі» (Мырзаханұлы, 2006: 111-112).

Көне түркілердің дүниетанымында билік қасиетті ұғым болып саналды. Ел билеу құқығы Тәңірден беріледі деп түсінді. Билеушілер де өздерін Тәңірдің құты дарыған ерекше адамдармыз деп ойлады. Тәңірдің билеушілерге берген тартуы мен күш-қабілеті түркі тас жазуларында «құт» (саяси билік) (Kafesoğlu, 1977: 220-223), «ұлұш» (несібе), «күш» (әскер) деген ұғымдармен берілген. Тәңір құт берумен қағанды саяси билік иесі етеді. Ал, қаған Тәңір берген саяси биліктің арқасында күллі әлемге өзінің үстемдігін жүргізеді (Коса, 2002).

Қағандардың харизмасында саяси билік (құт), экономика (ұлұш), әскери (күш) қуаттылық бар деп түсінген халық оларға еру арқылы баянды ғұмыр сүре алатынына иланатын. Ғасырлар бойы түркі халқын саясатта, дінде, әлеуметтік мәселелерде харизматикалық мемлекет түсінігі ұйыстырып, қуатты күшке айналдырып отырды. Селжұк билеушісінің уәзірі Низамул Мүлк өзінің «Саясатнамасында»: «Ұлы Тәңір барлық уақытта халықтың арасынан бір адамды таңдайды. Оны патшаларға лайық және мақтауға тұрарлық өнермен безендіреді. Халық оның әділдігімен өмір сүрсін, қауіпсіз болсын, мемлекеттіліктің сақталуы үшін, сондай-ақ, дүние істерінде Тәңірдің құлдары тыныштықта өмір сүруі үшін билік етуді оған тапсырады» (Исахан, 2018), деп дәстүрлі түркілік түсініктегі ел билеуді құптаған еді.

Дегенмен, қағандар абсолютті билік иесі емес еді. Олар өздерін Тәңірдің алдында жауапты санайтын. Халық та қажет кезде шектен шыққан билеушілерден теріс айнала алатын. Егер, қаған елдің «құты» бола алмаса, онда биліктен тайдырылатын (Коса, 2002).

Түркілердің ел билеу салтында билік монархиялық жолмен ауысып отырды.

Билеуші әулеттің әрбір өкілі харизматикалық тұлға болып есептелгенмен, оның бірі ғана таққа отыратын. Таққа таласта мирасқорлардың ең мықтысы ғана оза шығып, билікті қолға алатын. Осыған байланысты түркілердегі мұрагерлердің таққа таласында нақты белгіленген құқықтық қағидалар болған жоқ. Мұрагерлердің ішінде кім күшті, кім асқан айлакер, сол билікке қол жеткізетін.

Мұрагерлер арасында таққа таласудың нақты бекітілген құқықтық негіздері болмағандықтан, олардың бір-бірімен таққа таласуы халық үшін үйреншікті жәйт саналатын. Тіпті, тақ мұрагері алдын ала белгіленсе де, билеушінің өзге ұрпақтары билік үшін жан беріп, жан алысуға дайын тұратын. Кейде таққа таластың ақыр-аяғы саяси дағдарыстарға, елдің тұтастығын бұзуға әкеліп соғатын. Көбінесе таққа таластың соңы ең мықты мұрагердің билік тізгінін қолға алумен аяқталатын.

Түркілердің харизматикалық мемлекет түсінігі исламды қабылдаған кезде де жалғасын тапты. Мысалы, Қарақан дәуірінде өмір сүрген Махмұт Қашқари: *«Тәңірдің мемлекеттің (құт) күнін түрік шоқжұлдыздарынан тудырғанын және олардың иеліктерінің үстінде көктердің барлық шеңберлерін айналдырғанын көрдім. Тәңір оларға түрік деген ат берді және оларды жер бетіне билеуші етті. Заманымыздың қағандарын солардан шығарды, барлық халықтардың билік тізгінін солардың қолына берді, оларды ақиқатпен қуаттандырды»* (Исахан, 2018: 126), деп мемлекеттік билік туралы ескі түркілік сарында ой қорытады.

Махмұт Қашқаридің түсінігінше қағандар тек түркілерге емес, мұқым ғаламға билік жүргізу үшін жаратылды. Оның билік туралы ой-тұжырымы өзі өмір сүрген уақыт пен ортаның жемісі

еді. Түркілер негізін салған Қарақан мемлекетінде өмір сүргендіктен, осылай ой қорытуы заңды болатын. Яғни, өз дәуіріндегі мемлекет пен қоғам туралы озық ойлардың иесі саналған Махмұт Қашқаридің ой-тұжырымына қарап, түркілердің исламды қабылдағанымен, олардың билік туралы түсінігінде көп өзгерістің болмағандығын байқаймыз.

Түркілердің билікті кие тұтуы және түркілер әлемді билеуші деген түсінігі кейін мұсылман қоғамына да сіңісті бола бастады. Селжұқ билеушісі Тұғрыл 1055 жылы Бағдатты бағындырған кезде, аббаси халифасының уәзірі ибн Мұслим: *«Тәңір саған бүкіл әлемді берді»* (Коса, 2008) деп түркі билеушісін ерекше әспеттеген еді. Бұл түркілердің билік туралы түсінігінің арабтарға да әсер еткенін көрсетеді.

Махмұт Қашқари мен Низамул Мүлктің харизматикалық мемлекет туралы түсініктері түркі билеушілерінің тәжірибесіне тікелей әсер етіп отырды. Бірақ, Махмұт Қашқари мен Низамул Мүлк харизматикалық тұрғыда ел билеу түсінігін мемлекеттік басқарудың жаңа теориясы ретінде ұсынған емес. Олар өз ойларын ескіден қалыптасқан түркілік мемлекеттік басқару үлгісін негізге ала отырып айтқан болатын. Махмұт Қашқари мен Низамул Мүлктің көзқарастарына арқа сүйеген Селжұқ билеушісі Алп Арслан: *«Сендерді қорғауға міндеттімін. Сендер де мені қолдауларың керек. Себебі Ұлы Тәңір сендерді маған емес, мені сендерге қолбасшы етті»* (Исахан, 2018: 126) деп, өзін Тәңірдің құтына балап, түркілік дәстүрге сай мемлекет басқарды. Санжар сұлтан да халифаға 1133 жылғы жазған хатында Ұлы Тәңірдің мейіріммен жаһанның билеушісіне айналғанын атап өтіп (8), өзін дәстүрлі түркілік пайымдағы ел билеуші екенін танытты.

Кейін исламды қабылдаған түркі билеушілері ескі мен жаңа сенімді сабақтастыра отырып, мұсылман қоғамына билік жүргізді. Олар өздерін Тәңірдің құты санап, құрған биліктерінің легитимді екенін ұдайы дәріштеп, халықтың есіне салып отырды. Осылай ету арқылы биліктің киелілігін ұқтыратын. Селжүк билеушісі Алп Арсланның пайымынша түркілер таза мұсылман болып, тәкаппарлық пен құмарлыққа салынбағаны үшін Тәңір олардың мәртебесін көтерді (Исахан, 2018: 126). Бұл түркілердің ескі билік туралы түсінігінің тәжірибеде исламмен ұштастырылуы болатын.

Қарақандықтардың «Ясама» құқығы қағанның белгілі бір ережелер шеңберінде жариялаған және берген «пәрмендері», «жарлықтары», «мисалдары» (жазбаша және ауызша бұйрықтар) еді. Қағанның аузынан шыққан барлық сөздердің құқықтық күші бар деп есептелінді. Барлық мемлекеттік қызметкерлер мен қалың бұқара осы бұйрықтарға бағынуға міндетті болды.

Қағанаттағы іс-жүргізу құқығына келер болсақ, таққа отырған әрбір билеуші өз ісін мемлекетті жаңа тәртіпке келтірумен бастайтын. Мемлекеттік билікке өз адамдарын тартатын. Жоғары лауазым иесі ретінде мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын жүйеге келтіріп, экономика мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге шешімдер шығаратын. Соғыс жағдайында жоғары қолбасшы саналатын. Шет мемлекеттерге елшілер жіберіп, елшілер қабылдайтын. Өзге елдермен дипломатиялық келісімдер жасайтын. Халыққа салық салатын, иқталар үлестіретін, мәліктерді, уәзірлерді, әскери және қазына қызметкерлерін тағайындап, қызметтен босататын.

Қытай жылнамаларында ғұн билеушілерінің мемлекеттің қазынасы үшін

халықтан алым-салық жинағандығы айтылады. Мысалы, жылнамалардың бірінде: «Күзге салым жылқы қонданған кезде шоктеректе бас қосады да мал мен жанның санағы алынып, соған қарай алынатын салық мөлшері есептеледі» (Мырзаханұлы, 2006: 111-112) – дейді. Қағандардың зекет пен ұшырға ұқсас алым-салықты «қапшуыр» және «қалан» деп атаған. «Қапшуыр» бойынша жүз бас малдан бір бас мал, «қалан» бойынша диқаншының өнімінің оннан бірі берілген (10).

Жарғы құқығына келер болсақ, қаған сот жүйесіне де жетекшілік жасайтын. Ол бас қазы ретінде аптаның белгілі күндерінде әділетсіздікке ұшыраған адамдардың мұң-мұқтажын тыңдап, сот отырысын өткізетін. Сотта халықтың шағымын қарап, қоғамда әділдіктің орнауына бар күш-жігерін салатын (Коса, 2008). Сот саласындағы абсолютті құқығын иелене отырып қаған мемлекетке қарсы қылмыс жасағандарды тұтқындауға шешім шығара алатын. Қажет болса, тергеу ісіне өзі қатысып, жаза тағайындай алатын. Және амнистия жариялауға да ерікті еді (Исахан, 2018: 128).

Түркі-моңғол халықтарының қоғамдық қатынасын реттейтін, сондай-ақ, көшпелілерге бағынышты елдерді тиімді басқаруға бағытталған «Ұлы Яса» заңының түп нұсқасы сақталмаған. Әйткенмен, Шыңғысхан құрған қағанаттың, оның ішінде Алтын Орда мемлекетінің ішкі қуатын арттырған осы «Ұлы Яса» заңы екенін тарихшылар жиі-жиі ауызға алады. Ендеше, мұқым ғаламды тігіреткен ұлы империяның құқықтық негізі болған «Ұлы Яса» заңы қандай ерекшелікке ие? Оның шарифатпен үйлесетін тұстары бар ма?

Бұл тақырыпқа қалам тартқан зерттеушілердің көпшілігі «Ұлы Ясаны» Шыңғысханның шығарған жарлықтары

деп біледі (Березин, 1863: 25-31). Бірақ, біздің пайымдауымызша, Шыңғысхан жарлықтарының қалыптасу негіздері бағзыдан келе жатқан көшпелілердің әскери және азаматтық ережелерінде жатқан тәрізді. Шыңғысхан өз заманының алғышарттарына сәйкес түркілердің құқықтық дүниетанымына жаңа жөн-жосық қағидаларын енгізген. Шыңғысханның жарлықтарына өзіне дейінгі бабалар негізін қалаған салт-сана мен әдет-ғұрып әсер еткен. Яғни, көне түркілік әдет-ғұрып нормалары «Жасақтың» өзегі болған десек қателеспейміз. Мұны кезінде Бартольд те өз зерттеулерінде мойындаған болатын (Бартольд, 1963: 89). Айталық, Шыңғысханның өз жарлықтарында игілік атаулының Ұлы Жаратушыдан болатынын ескертуі, дін адамдарын салықтан босатуы, үлкенге құрмет көрсетуді міндеттеуі, ішімдіктің ақыл мен өнер үшін пайдасыз, өнегесіз екенін өсиеттеуі, ішкі тазалығы бар адамның қоғамды ұры-қарыдан да тазарта алатынын ауызға алуы, отбасындағы еркек пен әйелдің өзара қарым-қатынас критерийлерін бекітуі (әйелдің еркекке бағынуы), жылқының күтімін жасау керектігі туралы, сондай-ақ, әскери тәртіпке қатаң мойынсұнуды дәріптеуі (Хара-Даван, 1992: 177-178), «Ұлы Яса» заңының көшпелі түркі мәдениетіне сай құқықтық нормалар жинағы екенін көрсетеді.

Шыңғысханнан кейін оның ұрпақтары алғашқыда Ұлы Ясаны берік ұстанды. Мысалы, Шыңғысханның немересі Күйік хан Папаға жазған хатында өзін Тәңірге мойынсұнып, Ясаны негізге алып, әлемге билік жүргізетінін, басқаларды жаулап алуға үкім шығаратынын айтады (14). Бірақ, Шыңғысханның ел билеуші ұрпақтары соңыра ислам дінін қабылған соң Ұлы Ясаға жүгіну әлсірей бастады. Дегенмен, «Ұлы Ясадан» басы бүтін бас

тартқан да жоқ. Шарифат пен «Ұлы Ясаны» жымдастырып, қатар ұстанды. Оған сол дәуірдің шарифат білгірлері рұқсат берді. Мысалы, атақты ислам тарихшысы Тақиуддин Мақризидің жеткізуіне қарағанда мұсылман құқығындағы «сыйаси шария» термині Шыңғысханның «Ұлы Ясасынан» алынған көрінеді. Оның айтуына қарағанда, «сыйасаны» (саясат) ізгілікке һәм зұлымдыққа негізделген деп екіге бөліп қарастыруға болады. Яғни, ізгілікке негізделген «си-йасаны» қолдану шарифатқа қайшы емес. Бибарыс Мысырда Мамлук мемлекетін құрғанда және оның одақтасы Алтын Орда билеушісі Берке хан да Шыңғысханның «Ұлы Ясасын» шарифатпен сабақтастырып, қатар ұстанған. Соның негізінде мұсылман фикһында «Си-йаси шария» (си – үш, иаси – Ұлы Ясақ, яғни, жосық) деген әдет-ғұрыппен үкім беру тарауы пайда болды (Мақризи, 1974: 220-221).

Әдет-ғұрыпты шарифатпен қатар ұстауға Ханафия мәзһабындағы «ғурф» қайнар-көзінде де рұқсат берілген (16, 37 бб). Әйтсе де, шарифатқа «Си-йаси шария» термині кіріккеннен кейін көбінесе «ғурфтің» орнына осы термин кеңінен қолданылатын болды. Демек, Шыңғысхан жарлықтарының шарифат нормаларымен қабысуы, «Ұлы Яса» заңының прогрессивті сипаты болғандығын әйгілейді.

Ұлы Яса (үзінді):

1. Нәпсіқұмар, оның әйелі бар-жоқтығына қарамастан, ешбір ерекшеліксіз өлім жазасына кесіледі.
2. Кімде-кім қасақана өтірік айтса, біреудің ізіне түсіп аңдыса немесе келіспей тұрған екеуінің біреуіне барып жақтасса, ол өлім жазасына кесіледі.
3. Кім суға немесе күлге дәрет алса, ол да өлім жазасына кесіледі.
4. Кім тауар алып, ақысын қайтара

алмаса, тағы да тауар алып, ақысын қайтара алмаса, ол үш мәртеден соң өлім жазасына кесіледі.

5. Кім тұтқынға рұқсатсыз тамақ пен киім берсе, ол өлім жазасына кесіледі.

6. Кім қашқан құлды немесе тұтқынды тауып алып тұрып, иесіне қайтармаса, өлімге бұйырылады.

7. Кімде-кім ас ішіп жатқан адамдардың қасынан өтсе, аттан түсіп, олармен бірге ауқаттануы тиіс, ал аналар бұған қарсылық көрсетпеуге міндетті.

8. Әбу Әлидің ұрпақтары мен үрім-бұтағы, сол сияқты Құран оқушы факирлер және заңгерлер, емшілер, ғұлама ғалымдар, дәруіш-кезбелер, азаншылар алым-салықтардан азат етіледі.

9. Әскерлер соғысқа кеткенде, әйелдер ерлердің жұмысын істеуі міндетті.

10. Егер әмірлердің бірі кінәлі болып, қаған жаза қолдану үшін оған шені ең төменгі қызметкерді жіберген күннің өзінде ол қарсыласпай, хан бұйырған жазаны құлдық ұра қабыл алуы тиіс.

11. Әрбір адам діндердің кез-келгенін құрметтей білуге тиісті.

12. Мемлекет ішіндегі жай-жағдаяттардан дер кезінде хабардар болып отыру үшін нояндар мен сұлтандар байланыс жүйесін жолға қоюға міндетті.

13. Кісі өлтірген қылмысы үшін мұсылманға қырық алтын теңге (балаш), қытайлыққа бір есек түрінен құн төлеп құтылуға рұқсат етіледі.

14. Кімнен ұрланған жылқы табылар болса, ол атты иесіне тоғыз жылқы қосып қайтаруға міндетті.

15. Кәнизактан туған балалар заңды болып есептелінеді һәм әкесінің бұйрығы болған жағдайда дүние-мүліктен енші алуға құқылы. Дүние, мүлікті бөлу былайша жүзеге асырылады: жасы үлкеннің үлесі де үлкен, кішісі әке шаруашылығын иемденіп қалады. Балалардың

үлкенді-кішілі жолдары олардың шешелерінің жол-жоралғысына қарай анықталады. Әйелдердің жол реті некеге тұру уақытына орай белгіленеді.

16. Әкесі өлген жағдайда оның мұрасына баласынан басқа адамның қақысы жоқ.

17. Ешкімнің де нояндар мен сұлтандар және басқа да шонжарлардың Жалпы кеңесте алдын-ала сайлауынсыз қаған жариялануға құқы жоқ. Мұндайда өлім жазасына бұйырылады.

18. Хан тұқымы бөтен былайғы жұрттан құрметті (Березин, 1863: 25-31).

Шыңғысхан қабылдаған Ұлы Яса заңының кейбір нормалары түркі халықтары ислам дінін қабылдағаннан кейін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз-Тәукенің «Жеті-жарғысы» заңнамаларында да көрініс тапты. Қатаң шарифаттық көзқарасты ұстанған билеушілер (Бабырнама, 1990: 206) мен дін ғұламалары (Said Navva, 1416-1417) Ұлы Яса нормаларын мүлде теріске шығарғысы келді. Десе де, Ұлы Яса нормалары ХХ ғасыр басына дейін әдет-ғұрып ережелері ретінде қолданыста болды. Тіпті, қазіргі күнге дейін ұлттық этнографиямыздың басым бөлігі ескі әдет-ғұрып нормаларына негізделген.

Жалпы, түркілердің Төре, Білік, Ясама, Ұлы Яса заңдарында табиғат пен қоғам мүддесіне қайшы әрбір әрекет қатаң жазалануымен ерекшеленеді. Түркі қоғамындағы табиғатты аялау тұрғысындағы түрлі ырым-тыйымдар – көк майса шөпті жұлмау, суға дәрет сындырмау, ағарған сусынды төкпеу т.б. нормалар Тәңір сеніміндегі Жер-су культінің басымдығын көрсетеді. Біреудің мал-мүлкін бүлдіру, ұрлық, қарақшылық, әдепсіздік т.б. жосықсыз іс-әрекеттер «айбана» (айыппұл), құн төлеу, өлімші етіп сабау секілді жазалар кесілді. Оғлан-

шылдық (педофиль), көзге шөп салу, қыз баланың зорлық көрсетумен абыройын төгу т.б. қылмыстардың жазасы өте ауыр болған. Ибн Фадланның жеткізуіне қарағанда мұндай жойдасыз қылмыс иелерін екі дарактың басын иіп, соған матап байлап, қолын қол, бұтын бұт етіп, жұлып алатын (*Ibn Fadlan*, 1975: 31). П. Карпини мен Г. Рубрук түркілерде кісі өлтіруге қатаң жа за (өлім) берілетінін, зинакордың еркектік мүшесін кесіп тастап, денесін қақ бөліп өлтірген (Шастиной, 1957: 88). Зәкәрийа ибн Казунидің (1203-1283) «*Әсар әл-билад уа ахбар әл-ибад*» (Елдер ескерткіштері және Алланың құлдары жайлы хабарлар) атты еңбегінде «Олардан (Хутлақ түркілері) кімде-кім зина қылса, зинақор ер мен әйелді бірдей өртеп жібереді» (Ильясова, Ораз, 2016: 138), – дейді. Түркі қоғамында қалыптасқан осындай құқықтық жазалар олардың арсыздықтан аулақ тұрып, ізгілікке жақын болуын қамтамасыз етті.

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың түркілер туралы айтқан бірнеше хадисі бар екені көпшілікке аян. Жалпы, аталған хадистердің мазмұнында түркілердің жауынгер халық екенін сипатталады. Алла Елшісі (с.ғ.с) хадис-шарифтерінің бірінде түркілердің адалдығы мен жауынгерлігі туралы былай деген болатын:

«Өлкені (дұшпандарға қарсы) қорғудың күші онға бөлінеді: Оның тоғызы түркілерге, қалғаны өзге ұлттарға берілді. Сараңдық та онға бөлінеді: оның тоғызы парсыларға, қалғаны өзге ұлттарға берілді, жомарттық та онға бөлінеді, оның тоғызы судандықтарға, қалғаны өзге адамдарға беріледі, ар-ұят та онға бөлінеді, оның тоғызы әйелдерге, қалғаны өзге адамдарға беріледі, көре алмаушылық та онға бөлінеді, оның тоғызы арабтарға, қалғаны өзге ұлттарға берілді, тәкәппарлықта онға бөлінеді, оның тоғызы римдіктерге, қалғаны өзге ұлттарға берілді» (ат-Табари) (Исахан, 2017).

Ибн Халдун өзінің «Мукаддима» атты шығармасында түріктер туралы: «Олар отырықшы-қалалық мәдениет өкілдеріне қарағанда ізгілік пен қайырымдылық жасауға құмбыл тұрады. Астатөк дүниеге көп қызықпайды. Байлықты шақтап ғана жинайды. Өткінші ләззаттарға бейім емес. Олардың мінез-құлық әдеттері табиғат заңдылықтарымен үндес. Отырықшыларға қарағанда соғыста өте жауынгер болып келеді. Отбасы мен мал-жанын сақтауда өз күштеріне нық сенеді. Күнделікті өмірде де қару-сайманын алып жүреді. Сақтыққа мейлінше көбірек мән береді. Аз ұйықтайды. Ат үстінде кетіп бара жатып та мызғып алады. Жаужүрек, күшті, жомарт, батыр мінезді келеді» (Ibn Haldun, 1988: 245), – дейді. Ибн Хассул өзінің шығармасында түркілер туралы: «Мұны жазудағы мақсатым – түріктер ирандықтардан әлдеқайды текті болып келеді. Олардың Ұлы билеушіден тарайтынын айтпақ болдым» (Zakeriya, 1989: 143), – деген болатын.

Қорытынды

Тарихи деректерді саралайтын болсақ, түркі қоғамының жарлықтары мен жөн-жоралғылары туыстықты арттыруға, елдікті қорғауға, ар-ұятты ұлықтауға, ер мінезді болуды һәм мәрттікті заңдылыққа айналдыруға бағытталған. Түркі құқығының мұраттарында керісінше қиянат пен жауыздық, сатқындық пен опасыздық, сараңдық пен мейірімсіздік қатаң айыпталып отырды. Мұндай қылмыстардың жазасы тым ауыр еді. Осындай құқықтық мәдениеттің қалыптасуына орай түркілердің әдебі жауынгерлік рухта – мығым, екі сөйлемейтін – жаны таза, ішіне ештеңені бүкпейтін – ашық-жарқын, пендеуи қылықтардан аулақ – ары таза, күнделікті өмірде қулық-сұмдықтан ұзақ – аңғал, кәтібас емес мейлінше халықшыл

үлгіде қалыптасты. Әлбетте, оған ұлттық құрылтайларда көне түркілер қабылдаған «Төре», «Бітік», «Ясама», Ұлы Яса» заңдарының әсері болды.

Орта ғасырларда Еуразия құрлығында Ғұн қағанаты және Көк Түрік қағанаты, Қыпшақ бірлестіктері секілді алып империялар өмір сүрді. Аталған империялар көшпелі ғұмырға тән қоғамдық қатынастарды реттеген өзіндік құқықтық жүйесі мен әдеп нормаларын қалыптастырды. XIII ғасырда Шыңғысхан құрған Моңғол империясының құқықтық

жүйесі мен моральдық құндылықтары көне түркілер негізін салған құқықтық жол-жораның заңды жалғасы бола білді. Кейін құрылған Қазақ хандығының да құқықтық жүйесінің тұма-бастауында осы көне түркілердің құқықтық жүйесі мен этикалық нормалары тұрды. Қазақ хандығы дәуірінде дүниеге келген «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Өз-Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді заңнамалар сол кезеңмен өткенді сабақтастырды.

1. Aybars Pamir. Orta-Asya *Türk* Hukukunda “Töre” Kavramı. Ankara universiteti hukuk fakultesi dergisi. № 2. 2009.

2. İbn Fadlan, Seyahatname. Tercüme: Ramazan Şeşen, Bedir yayinlari. İstanbul-1975.

3. İbn Haldun, Mukaddime. Sark Islam klasikleri, I cilt. (cev: Z.K.Ugan). İstanbul, 1988

4. Kafesoğlu, İbrahim, Türk Millî Kültürü, Ankara 1977.

5. Oğuz Kaan'ın 33 Buyrukluk Türk'ün Töresi Listesi İddiası. <https://www.malumatfurus.org/oguz-kaan-33-buyrukluk-turkun-toresi/>

6. Said Havva, El Esas Fi't Tefsir, Maide 50, C. 3.

7. Salim Koca. İlk Müslüman Türk Devletlerinde Teşkilât. /www.tarihtarih.com.

8. Zekeriya Kitapçı. Peygamberin hadislerinde Türk Varlığı Selcuklar, Mogollar, Osmanlilar. Türk Dünyası Araştırmaları Vakfi, Aksaray, İstanbul, 1989

9. Ziya Gökalp. Turk toresi. Ötüken Neşriyat. İstanbul-2014

10. Ақышев Қ. Қазақстан тарихы. I том. Алматы 1998.

11. Апайдын Юнус. Усуле дайыр йазылар. Кайсери, 2013.

12. Бабырнама. «Жалын» баспасы. Алматы, 1990.

13. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху Монгольского нашествия. – Т. I. М., 1963

14. Березин И. Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева. – СПб., 1. 1863.

15. Гуюк письмо к Папе Римскому. <https://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Mongol/Gujuk/Gujuk.phtml?id=4417>

16. Д-р Эренжен Хара-Даван. Чингис-хан как полководец и его наследие. Алма-Ата. Издательство «Крамдс-Ахмед Яссауи», 1992.

17. Ильясова З.С., Ораз Е. Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері. «Қаламгер» баспасы. Алматы 2016.

18. Макризи Т. Ас-сулук ли-марифати дубалил мулук. 2. Бейрут, 1974.

19. Мұхан Исахан. Ислам дінінің Орталық Азияға таралуы және алғашқы түркі-ислам мемлекеттерінің сипаттамалары. (монография). Астана, 2018.

20. Мұхан Исахан. Тарихтан тағылым, өткеннен өнеге. <https://www.muftyat.kz/ru/nasihath/zhuma-minberi/2017-05-29/21940-tarihtan-tayilyim-tkennen-nege-2/>.

21. Мұхан Исахан: «Әдет-ғұрып заңындағы салық түрлері шариғатпен сабақтас». <https://kazislam.kz/m-khan-isakhan-adet-ryp-za-ynda-y-salyk-t-rleri-shari-atpen-sabaktas/>

22. Мырзаханұлы Ж. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. Алматы: «Өнер», 2006. 1-кітап.

23. Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Рубрука. Редакция, вступительная статья и примечания Н.П. Шастиной. // М.: Гос. изд-во геогр. лит-ры. 1957

24. Р.Ю. Почекаев. Статус ханов золотой орды: правовое регулирование. Монгольская империя и кочевой мир. Книга 2. Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, 2005.

References

1. Aybars Pamir. Orta-Asya Türk Hukukunda “Töre” Kavramı. Ankara universiteti hukuk fakultesi dergisi. № 2. 2009.

2. İbn Fadlan, Seyahatname. Tercüme: Ramazan Şeşen, Bedir yayinlari. İstanbul-1975.

3. Ibn Haldun, Mukaddime. Sark Islam klasikleri, I cilt. (cev: Z.K.Ugan). Istanbul, 1988

4. Kafesoğlu, İbrahim, Türk Millî Kültürü, Ankara 1977.

5. Oğuz Kaan’ın 33 Buyruklu Türk’ün Töresi Listesi İddiası. <https://www.malumatfurus.org/oguz-kaan-33-buyruklu-turkun-toresi/>

6. Said Havva, El Esas Fi’t Tefsir, Maide 50, C. 3.

7. Salim Koca. İlk Müslüman Türk Devletlerinde Teşkilât. /www.tarihtarih.com.

8. Zekeriyâ Kitapçı. Peygamberin hadislerinde Türk Varlığı Selçuklar, Mogollar, Osmanlılar. Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, Aksaray, İstanbul, 1989

9. Ziya Gökalp. Türk toresi. Ötüken Neşriyat. İstanbul-2014

10. Ақышев Қ. Қазақстан тарихы. I том. Алматы 1998.

11. Апајдын Јунус. Usule dajyr jazylar. Kajseri, 2013.

12. Babynama. «Zhalyn» baspasy. Алматы, 1990.

13. Bartol’d V.V. Turkestan v jepohu Mongol’skogo nashestvija. – T. I. M., 1963

14. Berezin I. Oчерk vnutrennego ustrojstva Ulusa Dzhuchieva. – SPb., 1. 1863.

15. Gujuk pis’mo k Pape Rimskomu. <https://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Mongol/Gujuk/Gujuk.phtml?id=4417>

16. D-r Jerenzhen Hara-Davan. Chingis-han kak polkovodec i ego nasledie. Alma-Ata. Izdatel’stvo «Kramds-Ahmed Jassauı», 1992.

17. Il’jasova Z.S., Oraz E. Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері. «Қаламгер» баспасы. Алматы 2016.

18. Мақризи Т. As-suluk li-marifati dubalil muluk. 2. Bejrut, 1974.

19. Мұхан Исahan. Islam дінінің Орталық Азияға таралуы және алғашқы түркі-ислам мемлекеттерінің сипаттамалары. (монография). Astana, 2018.

20. Мұхан Исahan. Tarihtan taғылым, өткеннен өнеге. <https://www.muftyat.kz/ru/nasihath/zhuma-minberi/2017-05-29/21940-tarihtan-tayilyim-tkennennenege-2/>.

21. Мұхан Исahan: «Әдет-ғұрып заңындағы салық түрлері шариғатпен сабақтас». <https://kazislam.kz/m-khan-isakhan-adet-ryp-za-ynda-y-salyk-t-rleri-shari-atpen-sabaktas/>

22. Мырзаханұлы Ж. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. Алматы: «Өнер», 2006. 1-кітап.

23. Puteshestvija v vostochnye strany Plano Karpini i Rubruka. Redakcija, vstupitel’naja stat’ja i primechanija N.P. Shastinnoj. // М.: Gos. izd-vo geogr. lit-ry. 1957

24. R.Ju. Pochekaev. Status hanov zolotoj ordy: pravovoe regulirivonie. Mongol’skaja imperija i kochevoj mir. Kniga 2. Ulan-Udje: BNC SO RAN, 2005.